



Мырзаева Шолпан Рысбайқызы,
ҚР Заңнама институты Лингвистика
орталығының НҚА және халықаралық
шарттар жобаларына ғылыми
лингвистикалық сараптама секторының
жетекші ғылыми қызметкері



Шолан Бекен Ахметоллаұлы,
ҚР Заңнама институты Лингвистика
орталығының НҚА және халықаралық
шарттар жобаларына ғылыми
лингвистикалық сараптама секторының
ғылыми қызметкері

АУДАРМА ТІЛІ ЖӘНЕ САЛАЛЫҚ ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІ МЕН ТҰРАҚТЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында тіл саясатының қазақ ұлтын біріктіруші басты факторлардың бірі екенін айта келіп: «Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінен консенсус іздеу керек. Сонымен қатар, әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет. Бұл мәселе оқшауланған қайраткерлердің ортасында шешілмеуге тиіс. Үкімет мұны реттегені жөн.» - деген еді. Сондай-ақ Елбасы тиісті органдарға осы сала бойыншанақты міндеттер жүктеді.

Жалпы тіл білімі бірнеше арнаулы саланы қамтитыны белгілі, соның бірі - аударма тілі. Бұл өте күрделі сала, өйткені оның өзіне тән ерекшелігі, тұрақты қолданылатын ұғымдар жүйесі (тезаурусы), терминологиялық аппараты бар. Осының бәрі әлі толық зерттеліп, бір жүйеге келтіріліп болған жоқ. Сондықтан алдағы уақытта, әсіресе, аударма тіліне қатысты шешімін күтіп тұрған мәселелер де аз емес.

Термин сөздерді аударғанда олардың мәні мен қызметін ескере отырып, ана тіліне нұқсан келтірместен, қазақ тілінің сөздік қорын барынша толық пайдалану қажет. Көне грек, парсы, латын, француз және басқа да шет тілінен еніп, сіңісіп кеткен, халықаралық деңгейде қолданылатын

терминдер өз қалпында енгізілуге тиіс. Термин сөздерді жобамен баламалап, екі ұдай мағынада аудару салуға болмайды. Себебі, мұндай ағаттық заңның негізгі нормасына кері әсер етіп, кейде құқықтық мағынасын мүлдем өзгертіп жіберуі мүмкін. Ал оның қандай салдарға әкеп соғатыны айтпаса да түсінікті.

Бастамашылар ұсынатын заңдардың жүз пайызы дерлік мемлекеттік тілге ресми тілден аударылатындықтан (тәуелсіздік алған жылдан бері мемлекеттік тілде не бары 2 заң қабылданған), барынша дәл әрі теңтүпнұсқалы заң терминдерін бір жүйеге келтіруге күш салу қажет. Әрбір сала бойынша тұрақты заң терминдерін жасап, сөз тіркестерін қалыптастырған жөн, яғни қолданыстағы заңдарымыздың тезаурусын құрастыру қажет. С.И. Ожеговтың «Орыс тілінің сөздігінде» тезаурусқа «қандай да бір арнайы саланың терминдері мен ұғымдарын толық қамтитын сөздік немесе деректер жинағы» деген анықтама берілген. Ондағы ұғымдар барынша стандартталған әрі нысандық және ұғымдық жағынан өзгеріске ұшырамай, қалыптасқан шаблон сияқты қайталанып келіп отырады. Мұның өзі заңдардың аудармасында жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін қолданғанда бірізділікті сақтауға мүмкіндік береді. Заңгер-журналист әрі тәжірибелі аудармашы Д. Омашұлының «Заңнама ұғымдарының тезаурусы» атты кітабы осы салада мемлекеттік тілде жарық көрген тұңғыш еңбек. Осындай

игі істерді әрі қарай дамытып, жалғастыра беру қажет деп ойлаймыз.

Бүгінгі таңда 1999 жылы жарық көрген, әр саланы қамтитын 31 томдық сөздік қолданылып жүр. Бұдан басқа да көптеген орысша-қазақша сөздіктер, түсіндірме сөздіктер, анықтамалықтар шығарылып жатыр. Алайда, оларда дәл осы тезаурус мәселесіне жете көңіл бөлінбеген. Салалық терминдер, сөз тіркестері әр сөздікте түрліше алынып келеді, оларды бір ізге түсіруге ешкім де жауап бермейтіндіктен, ұғымдар алақұла пайдаланылады.

Жалпы тілге, аудармаға байланысты әртүрлі ресми, бейресми жиындар, конференциялар, кеңестер жиі өткізіліп жатады. Бұл дұрыс та шығар, мұндай салиқалы бас қосулардың нәтижесі де жоқ емес.

Дегенмен де, мемлекеттік тілдегі заң мәтіндеріндегі кемшіліктерден неліктен толық арыла алмай келеміз деген сұрақ әлі күнге дейін күн тәртібінен түскен жоқ. Бұған нақты жауап қайтару да оңай емес. Өйткені, бұл мәселе жан-жақты зерделеп, ғылыми тұрғыдан терең зерттеуді, жоспарлы түрде ауқымды жұмыс атқаруды қажет етеді. Мұндай күрделі жұмысқа терминдерді, жүйелі әрі тұрақты сөз тіркестерін, көкейге қонымды сөзжасамды, сөздіктерді өз саласын академиялық деңгейде жетік меңгерген (орыс тілінде де, қазақ тілінде де) тіл саласы ғалымдарын, білікті мамандар мен тәжірибелі аудармашыларды тарту қажет. Қабылданатын заң мәтіндерінің тым болмаса 50 пайызын мемлекеттік тілде әзірлеуге көшетін уақыт жетті. Ол үшін бұған қажетті алғышарттар жасау ісін кешіктірмей қолға алу қажет. Сонда ғана мемлекеттік тілде дайындалған заңдардың сапасына қойылатын талаптар орындалатын болады.

Жоғарыда аталған 31 томдық салалық орысша-қазақша сөздікте қажетті сөздердің көпшілігі қамтылғанымен, олардың бірқатары ескіріп кетті немесе уақыт талабына сай өзгеріске ұшырап, жаңа терминдер пайда болды, кейбір аса қажетті терминдер сөздікке енгізілмей қалған. Осы сөздіктен, әсіресе, экономика, ауыл шаруашылығы (мал атауларына, техникалық бөлшектерге, биологиялық, агрономиялық терминдерге қатысты), мәдениет, неке және отбасы (салт-дәстүрге қатысты), әскери тақырып сияқты толып жатқан салаларда сирек қолданылатын орыс тіліне тән сөздердің қазақша баламасы табылмайды.

Осының салдарынан заңнамадағы салалық терминдер бірізділік, теңтүпнұсқалық сақталмай

аударылады. Бұл мәселе тілші ғалымдарды да, заңгерлерді де, жалпы көпшілік қауымды да толғандырып келеді. Қазір қайтадан дайындалып жатқан салалық көп томдық сөздікте жоғарыда аталған кемшіліктерді жоюға мүмкіндік бар.

«Ана тілі» ұлттық газетінің 1991 жылғы 19 желтоқсандағы санында жарияланған «Тілдегі жаңалықтар сыры неде?» деген мақаласында белгілі ғалым, тіл маманы, профессор Р. Сыздықова: «Бірқатарымыз ғылыми терминдерді түгелге жуық қазақша жасасaq, тілімізді ғылым тіліне айналдырамыз деген жаңсақ пікірде жүрген сияқтымыз. Ғылым тілі болу үшін ең алдымен ғылымның сан-саласына сол тілде баяндауды іске асыру керек, ал баяндау үстінде кірме терминдерді қолданамыз ба, өз қорымыздан жасалған «қазақшыларын» пайдаланамыз ба – бірақ қайткенде де айтпақ ойымыз, талдауларымыз бен тұжырымдарымыз қазақша болуы шарт. Ғылым сөзін айтуда, әсіресе, оның физика, геология, химия сияқты сан алуан салаларында көптеген халықтар ықылым заманнан бері қолданып келе жатқан көне грек, латын сөздері болып келетін дүние жүзілік ортақ қордан бас тарту тіліміздің терминология қорын тұйықтап қана қоймай, ғалымдарды ортақ ұғымдарды танудан алшақтата түсері хақ. Қазақша ғылым тілі, ғылыми стилі қарабайырлықтан аман болуы керек» деп өз пікірін білдіріпті. Орынды әрі дер кезінде айтылған пікір. Мұны әрбір тіл маманы, аудармашы қолдайтыны сөзсіз. Шынында да, халықаралық ұғымдардың атауларын, әрбір термин мен сөз тіркестерін жан-жақты саралаудан өткізіп, дәлме-дәл қолдану ісіне зор жауапкершілікпен қараған жөн.

Өткен ғасырда қазақ терминологиясының негізін қалаған ғалымдар Ахмет Байтұрсынов пен Құдайберген Жұбанов халықаралық терминдер қазақ тіліне аударылғанда аударманың түпкі мағынасын дәл бермесе, онда бұл терминді сол күйінде алу туралы қатаң ескерткен болатын. Ұлы ғалымдардың осы өсиетін әрқашанда есте ұстауға тиіспіз.

Жекелеген заң терминдерінің қазақ тіліндегі нақты баламасын қолдануда жан-жақты салмақтап, ой елегінен өткізуді қажет ететін мәселелер аз емес. Үкімет әзірлейтін заң жобаларының сапасы олардың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің түпнұсқалығы тұрғысынан жиі сынға ұшырайды. Қолданыстағы заңнамада тұрақты қолданылып жүрген жекелеген терминдер кейде негізсіз өзгеріске ұшырап, басқаша қолданылатын жағдайлар да жоқ емес. Мәселен, қолданыстағы заңнамада

«предъявление иска» деген термин «талап қою» деп қолданылып келген еді («Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 6 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңы), енді кейбір заңдарда оның «қуыным беру» деген баламасы қолданыла бастады. Бұл арада Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссия «қуыным» терминін ресми тұрғыдан мақұлдап, бекіткені туралы құжаттың болмағанын есте ұстау қажет еді.

Айталық, бүкіл әлем қаржыгерлері қолданып жүрген «кредит» термині осы кезге дейін жекелеген заңдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында «несие» деп алынып жүр, ал «несие» шын мәнінде «ссуда» терминінің баламасы. Осыған ұқсас пікірді «пайыз», «төлқұжат», «үдеріс» және т.б. сөздерге қатысты да айтуға болады. «Паспорт» терминін, басқа елдерді былай қойғанда, түркі тілдес елдер де өздерінің халықаралық құжаттарында өзгеріссіз сол қалпында қолданады. Ана тіліміздегі «төлқұжат» термині адамның жалпы жеке құжаттарына, мәселен, куәлік, диплом және т.б. арнайы құжаттарға қатысты, жиынтық мағынаны білдіреді.

Тағы бір айта кететін мәселе, мемлекеттік тілде заң жобаларын әзірлейтін органдар (министрліктер, комитеттер, департаменттер, агенттіктер) аударма мәселесіне немқұрайлы қарап, тиісінше көңіл бөлмей келеді. Көптеген терминдер, жекелеген сөздер мағынасына қарай қолданылмайды. Мемлекеттік тіл мен ресми тілдің өзіндік ерекшеліктері үнемі ескеріле бермейді. Мәселен, орыс тіліндегі «обращается» деген сөз көбінесе «өтініш береді» деп аударылып жүр. Оның түпмәтіне қарай қолданылатын «өтініш жасайды», «жүгінеді», «жұмыс істейді» және т.б. мағыналары бар. Немесе, керісінше, ресми тілдегі «фонд», «запас», «база» сөздерінің мағынасын «қор» деген бір сөзбен беру үрдісі де тыйылмай келеді.

Бұл - бір ғана мысал, мұндай ағаттықтар көптеген заңнама мәтіндерінде ұшырасады, осы баяндалғанның негізінде заңнамада терминдер мен жекелеген сөздерді, сөз тіркестерін қолдануда бірізділіктен, теңтүпнұсқалықтан ауытқушылық жиі кездеседі деген қорытындыға келуге болады.

Әділет министрлігі осыған байланысты

бірқатар шараларды күн тәртібіне уақтылы қойып келеді. Заң шығару институтымен бірлесіп, мемлекеттік тілдегі заң терминдеріне қатысты көкейкесті проблемаларды Парламент депутаттарының, ғалым-практиктердің, министрліктер мамандарының қатысуымен ғылыми-практикалық семинарларда, «дөңгелек үстелдерде» талдап, талқылап, нақты шаралар кешенін белгіледі. Министрліктің және аталған институттың грифімен, Республикалық терминологиялық комиссияның ресми мақұлдауымен «Заңнама терминдерінің» екі тілдегі сөздігі шығарылып, Парламентке, атқарушы және құқық органдарына жіберілді. Ал аудармашы мамандар заң мәтіндерін мемлекеттік тілде әзірлегенде көбінесе осы сөздікті басшылыққа алып жүргені мәлім. Алайда, бұл мәселені бір ғана сөздік шығарумен түбегейлі шеше салу мүмкін емес.

Еліміз егемендік алғаннан бері терминология саласында да айтарлықтай жұмыс атқарылғаны белгілі. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан Терминологиялық комиссия құрылды, сол Терминологиялық комиссияның отырыстарында мақұлданған терминдер Терминологиялық хабаршы жинағында, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланады. Терминологиялық комиссия өз міндеттерін мүмкіндігінше атқарып келеді. Қазіргі уақытта Терминком қазақ тілінің терминологиялық лексикасы саласында ұсыныстар әзірлейтін консультациялық-кеңесші орган болып табылады, оның шешімдері ұсынымдық сипатқа ғана ие. Ол белгілі бір жағдайға байланысты құрылған қоғамдық құрылым сияқты. Сол себептен де Терминологиялық комиссияның құзыретті органдар алдындағы дәрежесі де төмен тұрады, оның шешімдері көп жағдайда мойындалмай, бүгінгі беделі мен өрісі уақытша сипатта болып отырғаны түсінікті жай.

Терминдерді, оның ішінде заң терминдерін орнықтыру мәселесін мемлекеттік деңгейде шешу қажет. Термин мәселесімен тұрақты түрде айналысатын мемлекеттік ресми орталық құру, яғни Республикалық терминологиялық комиссияны тікелей Үкімет Кеңсесіне қарайтын дербес республикалық мекеме ретінде қайта құру қажеттігі осыдан туындап отыр. Бұл мекеме осы саладағы ғылыми институттардың әлеуетін, заңгер ғалымдардың, тіл мамандары мен лингвистердің, тәжірибелі аудармашылардың нақты, білікті көмегін пайдалана алар еді. Оның мақұлдауға, бекітуге ұсынатын терминдері бұқаралық ақпарат құралдары арқылы

көпшіліктің немесе арнайы сала мамандарының талқылауынан жүйелі түрде өткізілуге тиіс. Ал, қазіргі жағдайда Мәдениет министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) Тіл комитеті құрамында жұмыс істейтін бұл комиссия өзінің негізгі міндетін Министрліктің ағымдағы қат-қабат мәселелерінің арасында тиісінше атқара алмайды деп есептейміз. Тіл комитетіне міндеттелген бір ғана Терминологиялық комиссияның жұмысына қатысты атқарылатын шаруаның өзі жетіп артылады. Сондықтан оның мәртебесі жоғары, міндеті де ауқымды болуға тиіс. Осы комиссияның өкілеттігі кеңейтілген жағдайда оған: түрлі сөздіктерді басып шығаруға рұқсат беру, БАҚ-та, білім беру саласында, түрлі ұйымдар мен ведомстволардың, кәсіпорындардың кеңсе қызметінде терминдердің қолданылуын бақылау, шет тілдегі сөздерді енгізу және шетел сөздерін қазақ тілінің түбірлес сөздерімен ауыстыру процестерін шектеу бойынша біріздендірілген нормалар мен әдістемені енгізу, «жаңа терминдер» бюллетенін, терминологиялық мәселелер бойынша журнал шығару, терминологиялық мониторинг жүргізу, виртуалдық кеңістікте пайда болған жаңа терминдерге бақылау жасау, жеке өз web-порталын ашу сияқты міндеттерді жүктеуге болады деп есептейміз.

Жоғарыда аталған комиссия заң терминдерін біріздендіру, оларды дұрыс қолдану мақсатында мемлекеттік органдардың қолданыстағы заңнамаға мониторинг жүргізу жөніндегі жұмысын үйлестіріп, оған бақылау жасап отырса құба-құп болар еді.

Қоғамдық өміріміздің барлық саласын қамтитын терминология жүйесін жетілдіру жоғары деңгейде шешілетін мәселе болғандықтан, бұл мекеме тікелей Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен құрылатын, ғылыми-лингвистиканың практикалық қолданбалы зерттеу мәселелерімен айналысатын мекеме ретінде қарастырылуға тиіс. Сонда ол тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасының келелі міндеттерін, оның ішінде аударма тіліне қатысты проблемаларды ғылыми-лингвистикалық және терминологиялық тұрғыдан қамтамасыз ететін болады. Білім мен ғылымның әр алуан бағыттарының және заң шығару билігінің нақты міндеттері мен талаптарының аясында терминологияны ғылыми және заңнамалық тәжірибе тұрғысынан қалыптастырып, дамыту және қолданысқа енгізу қызметін жоғарыда аталған мекеме түбегейлі жүзеге асырар еді.

Министрліктің Тіл комитеті атқарушы биліктің тілдерді дамыту мен қолдану жөніндегі өзге де маңызды міндеттерін, оның ішінде Мемлекеттік терминология және ономастика комиссияларының жұмысын жүйелі түрде жолға қоюды осы мекеме атқаратын жұмыстың нәтижелерін негізге ала отырып іске асырса, анағұрлым тиімді болар еді.

Алдағы уақытта жоғарыда айтылғандарға байланысты мынадай ұсыныстарды ескерген жөн деп есептейміз:

1) Терминологиялық комиссияның шешімдеріне міндетті сипат беру және мемлекеттік органдардың, басқа да ұйымдар мен мекемелердің ол бекіткен терминдерді сақтау бойынша заңнамаға өзгерістер енгізу мәселесін пысықтау;

2) мемлекеттік органдарға қалыптасқан терминдерді, тұрақты сөз тіркестері біріздендіру, ұғымдардың тезаурусын құру бойынша жұмысты жүйелеуді және кейіннен оларды Терминологиялық комиссияның бекітуіне енгізу үшін сараланған салалық терминологиялық сөздіктер, түсіндірме сөздіктер мен анықтамалықтар әзірлеу;

3) Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті құрамындағы Терминологиялық комиссия мақұлдап, бекітетін терминдердің қолданысқа енгізілуін барлық мемлекеттік органдарға, мекемелер мен ұйымдарға жаппай міндеттеп, ресми баспасөзде және электрондық ақпарат құралдарында жариялау үшін осы терминдерді Үкіметтің арнайы қаулысымен бекіту мәселесін күн тәртібіне қою.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев 2014 жылғы 25 тамызда Ұлытау төрінде берген сұхбатында тіл мәселесіне ерекше тоқтала келіп: «Тілді байыту керек! Оған халықаралық ұғымдарды енгізсек, тіліміз дамиды. Онда тұрған ештеңе жоқ. Бұдан қорқып, шошудың қажеті жоқ. Тіліміз өркендеп, өсіп келе жатыр дей аламын. Қазір ешқандай қауіп жоқ. Қазақстанда мемлекеттік тілдің болашағы зор» деген еді. «Тілді байыту» деген сөздердің өзі тілге, оның қолданылу сапасына қатысты көптеген көкейкесті мәселелерді қамтиды. Тек әдеби, ғылыми тілге ғана емес, сондай-ақ заңнама тіліне де, оның ішінде аударма тіліне де осы тұрғыдан қарауымыз керек. Сонда ғана мемлекеттік тілдегі заң мәтіндерін осы саланың мамандары, жалпы жұрт түсінетіндей сапалы дайындап қана қоймай, оларды ана тілімізде әзірлеуге көшу жолында батыл бетбұрыс жасауға болады.

Бірақ мемлекеттік тілдегі заң жобаларына

және халықаралық шарт жобаларына сараптама жүргізетін Лингвистика орталығының ашылуы заңнама саласындағы тілмен байланысты барлық мәселелерді шеше қоймайды. Өйткені, осы Орталық ашылғанға дейін қаралып, қол қойылып, қолданыста жүрген заңдарда кеткен

олқылықтар мен кемшіліктерді, қателіктерді кім түзейді! Жобаларға сараптама жүргізу барысында үнемі қолданыстағы заңнамаға сүйене отырып жұмыс жүргізіледі. Заңдарда кеткен олқылықтар күнделікті кездесіп отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 25 тамызда Ұлытау төрінде берген сұхбаты, «Егемен Қазақстан» газеті, 2014 жылғы 26 тамыз.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы, «Егемен Қазақстан» газеті, 2012 жылғы 15 желтоқсан.
3. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы // «Заң» ДҚ.
4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 6 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы // «Заң» ДҚ.
6. Әр саланы қамтитын 31 томдық орысша-қазақша, қазақша-орысша сөздік, «Рауан» баспасы, 1999-2000 ж.ж.
5. Ожегов С.И. Словарь русского языка, 1992 г.
6. Сыздықова Р. «Тілдегі жаңалықтар сыры неде?», «Ана тілі» газеті, 1991 жылғы 19 желтоқсан.
7. Омашұлы Д. Заңнама ұғымдарының тезаурусы, «Сөздік-словарь» ЖШС, 2013 ж., Алматы қаласы.



Мақалада заңдарды аудару барысында мемлекеттік тілдің өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, салалық заң терминдерін, тұрақты сөз тіркестерін және ұғымдардың тезаурусын жетілдіру жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: аударма тілі, тезаурус, теңтүпнұсқалылық, терминология.

В статье предлагаются пути совершенствования отраслевых юридических терминов, устойчивых словосочетаний и тезауруса понятий при переводе законов с учетом специфических особенностей государственного языка.

Ключевые слова: язык перевода, тезаурус, аутентичность, терминология.

The article offers the ways to develop the legal terms and set phrases.

Keywords: translation language, the saurus, authenticity, terminology.

Шолпан Рысбайқызы Мырзаева,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының жетекші ғылыми қызметкері

Бекен Ахметоллаұлы Шолан,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының ғылыми қызметкері

Аударма тілі және салалық заң терминдері мен тұрақты қолданылатын сөз тіркестерін жетілдіру жолдары

Мырзаева Шолпан Рысбаевна,

ведущий научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Института законодательства РК

Шолан Бекен Ахметоллаулы,

научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Института законодательства РК

Язык перевода и пути совершенствования отраслевых юридических терминов и устойчивых словосочетаний

Myrzayeva Sholpan,

Leading researcher of sector of research linguistic expertise of drafts of laws and regulations and international agreements of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan

Sholan Beken,

Research officer of sector of research linguistic expertise of drafts of laws and regulations and international agreements of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan

Translation language and ways to develop the legal terms and set phrases

